

2016 жылға Т.Рысқұлов ауданы бойынша ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарына әлеуметтік қолдау көрсету туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының 2016 жылғы 22 ақпандағы № 42-5 шешімі. Жамбыл облысы Эділет департаментінде 2016 жылғы 4 наурызда № 2962 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Т. Рысқұлов аудандық мәслихатының 2017 жылғы 1 наурыздағы № 12-11 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Т. Рысқұлов аудандық мәслихатының 01.03.2017 № 12-11 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабының 8 тармағына және "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысына сәйкес, Т.Рысқұлов аудандық мәслихаты **ШЕІШМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2016 жылға Т. Рысқұлов ауданы бойынша ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшері:

1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;

2) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау - бір мың бес жұз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит болып айқындалсын.

2. "2015 жылға Т. Рысқұлов ауданы бойынша ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы

мамандарына әлеуметтік қолдау көрсету туралы" Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының 2015 жылдың 06 сәуіріндегі № 31-9 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2613 болып тіркелген, 2015 жылдың 21 сәуіріндегі № 34-35 (7079) "Құлан таңы-Огни Кулана" газетінде жарияланған) күші жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экономика қаржы, бюджет және өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
К. Кульбараков*

*Аудандық мәслихат
хатшысы
Б. Шамаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК